

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін дайындау және оны 2001 жылғы 14 қыркүйекте Алматы қаласында өткізу жөніндегі іс-шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қыркүйек N 1193

2001 жылғы 14 қыркүйекте Алматы қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін өткізуге 2001 жылғы республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қоса беріліп

отырған шығыстар сметасына сәйкес қаражат бөлсін.

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 13 қыркүйектегі
N 1193 қаулысымен
бекітілген

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің
Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін дайындау

және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ
(Алматы қаласы, 2001 жылғы 14 қыркүйек)

Р/с!	Іс-шара	!	Орындау	!	Жауапты орындаушылар
N !		!	мерзімі	!	

- 1 Кездесу өткізудің 2001 жылдың Қазақстан Республикасының бағдарламасын дайындау 7 қыркүйегі Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министр Кеңсесінің Сыртқы байланыстар бөлімі
- 2 Кездесуге келетін 2001 жылдың Қазақстан Республикасының делегациялардың құрамын 10 Сыртқы істер министрлігі келісу: ресми делегация қыркүйегіне (5 адам), бірге жүретін дейін адамдар (10 адамға дейін), күзет қызметкерлері, баспасөз, кездесуге қатысушылардың келу және кету кестесін жасау
- 3 Шығыстар сметасын 2001 жылдың Қазақстан Республикасының дайындау және келісу қыркүйегіне Сыртқы істер министрлігі, дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
- 4 Ресми делегацияларды 2001 жылдың Қазақстан Республикасы және бірге жүретін 13-14 Президентінің Іс Басқармасы, адамдарды әуежайда күтіп қыркүйегі Қазақстан Республикасының алу және шығарып салуды Сыртқы істер министрлігі, соның ішінде VIP арқылы Қазақстан Республикасы ұйымдастыру Премьер-Министрінің Протоколдық қызметі, Алматы қаласының әкімі, Республикалық Ұлан (келісім бойынша), Қазақстан

Республикасының Ұлттық
Қауіпсіздік Комитетінің
Шекаралық қызметі (келісім
бойынша), Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік
Кіріс Министрлігінің Кеден
комитеті

- 5 Қазақстан Республикасы 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
аумағының үстінен ұшып 10-15 Көлік және коммуникациялар
өтуге рұқсат ету қыркүйегі министрлігі, Қазақстан
Республикасының Сыртқы
істер министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі
- 6 Арнаулы ұшақтардың 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
тұрағын, оларға қызмет 14 Көлік және коммуникациялар
көрсету және жанар - қыркүйегі министрлігі
жағар май құюды
қамтамасыз ету
- 7 Делегацияларға көліктік 2001 жылдың Қазақстан Республикасы
қызмет көрсету 14-15 Президентінің Іс Басқармасы
қыркүйегі (келісім бойынша), "Алматы
қаласының Шаруашылық
басқармасы" жабық акционерлік
қоғамы (келісім бойынша)
- 8 Жүру бағыттары бойынша 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
ІІМ-нің Жол полициясы 14 Ішкі істер министрлігі
комитетінің машиналарымен қыркүйегі
еріп жүру
- 9 Күзетке алынған адамдар 2001 жылдың Қазақстан Республикасы
мен делегациялардың 14 Президентінің Күзет қызметі
әуежайда, жүру бағыттары қыркүйегі (келісім бойынша), Қазақстан
бойынша, іс-шараларды Республикасының Ұлттық
өткізетін және тұратын қауіпсіздік комитеті

орындарда (бағдарлама бойынша) қауіпсіздігін қамтамасыз ету

(келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

- 10 Ресми делегациялардың мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету 2001 жылдың 14 қыркүйегі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша)
- 11 Қабылдаушы тараптың есебінен делегациялардың басшылары мен мүшелерін "Реджент-Анкара" қонақ үйінде орналастыру мен тамақтандыру ұйымдастыру 2001 жылдың 14 қыркүйегі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Алматы қаласының Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімі
- 12 Делегациялар үшін хатшылық пен штабтық бөлмелерді жабдықтау (ұйымдастыру техникасымен, телефон байланысымен, кеңселік заттарымен жабдықтау) 13 Президентінің Іс Басқармасы қыркүйегіне (келісім бойынша), қарай Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протоколдық Қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 13 ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер үкіметтер басшыларының қатысуымен баспасөз конференциясын өткізу 2001 жылдың 14 қыркүйегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

- 14 Үкімет басшыларының 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
деңгейінде ЕурАзЭҚ 13-14 Сыртқы істер министрлігі,
Мемлекетаралық кеңесінің қыркүйегі Қазақстан Республикасының
мәжілісіне құжаттар мүдделі министрліктері мен
жобаларын, акпараттар ведомстволары
мен анықтамалық талдау
материалдарын дайындау
- 15 Қазақстан Республикасының 2001 жылдың Қазақстан Республикасы
Президенті Н.Ә. 14 қыркүйегі Президентінің Әкімшілігі
Назарбаевтың Ресей (келісім бойынша),
Федерациясы Үкіметінің Қазақстан Республикасының
Төрағасы М.М. Касьяновпен Сыртқы істер министрлігі
екі жақты кездесуін
ұйымдастыру
- 16 Қазақстан Республикасы 2001 жылдың Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің екі 14 қыркүйегі Премьер-Министрінің
жақты кездесулерін Протоколдық қызметі,
ұйымдастыру Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
- 17 Қазақстан Республикасы 2001 жылдың Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің атынан 14 қыркүйегі Президентінің Іс Басқармасы,
ресми қабылдауды Қазақстан Республикасы
ұйымдастыру: Премьер-Министрінің
1) делегациялар басшылары Протоколдық Қызметі,
үшін (қабылдауды өткізу Қазақстан Республикасының
орнын анықтау және Сыртқы істер министрлігі
безендіру, отырғызу,
делегацияларға арналған
квоталарды келісу, күзет
іс-шаралары, дастархан
мәзірін дайындау);
2) делегациялар мүшелері
үшін
-

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 13 қыркүйектегі
N 1193 қаулысына
қосымша

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің
Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін өткізудің
шығыстар сметасы
(2001 жылғы 14 қыркүйек)

(1+4 форматы)

N !	Қызметтердің атауы	! Сома
!	! (теңге)	

1.	Көліктік қызмет көрсету	
	25 а/к x 700 теңгеден/сағ x 8 сағат	140 000
2.	"Анкара" қонақ үйіндегі мәжіліс залын жалдау	
	1250 АҚШ долл/күн x 148,5 теңгеден	185 625
3.	ҚР Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдау	
	ресми делегациялар үшін - 40 адам x 6500	
	теңгеден	260 000
	Фуршет	
	- ілеспе адамда 40 адам x 6500 теңгеден	260 000
4.	Ресми делегациялардың мүшелеріне папкалар	
	25 дана x 7425 теңгеден	185 625
5.	Буфеттік қызмет көрсету	
	90 адам x 1040 теңгеден	93 600
	Жиыны	1 124 850

Барлығы бір миллион жүз жиырма төрт мың сегіз жүз елу теңге.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК